Лишнбаева С.В.


# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**«АСЫҚ PARTY» АКЦИЯСЫ ӨТТІ**

Жуырда Амангелді ауданындағы «Шұғыла» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытын жүзеге асыру мақсатында «Асық party» акциясы өтті.

12 бет



**ОПЫТ И МОЛОДОСТЬ – УСЛОВИЯ УСПЕХА**

Впервые в онлайн-формате методический кабинет технического и профессионального образования управления образования акимата Костанайской области провёл конкурс профессионального мастерства «Наставник + молодой мастер = команда»

стр. 15


Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №48 (444) | ПЯТНИЦА 4 декабря 2020


ЕРІКТІЛІК

# Волонтерлер қатарына қосылды

**ҚР-ның Білім және ғылым, Ақпарат және қоғамдық даму министрліктері арасында волонтерлер қозғалысы Qazvolunteer.kz бірыңғай веб-платформасына біріктірілді. Оған Арқалық политехникалық колледжінің 30-ға жуық студенті тіркелді.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым минстрлігі Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыру шеңберінде колледж студенттеріне әлеуметтік несие берілетіндігі туралы хабарлаған еді. Студенттерді әлеуметтік және қоғамдық пайдалы қызметке кеңінен тартуға бағытталған «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын іске асыру шеңберінде ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Жастар ресурстық орталығы жанындағы «ZhasA» еріктілер штабының жетекшісі Дүйсен Қияшов еріктілерімізбен кездесіп, іріктеу жасап, ішінен 10 жасты жұмыспен қамтыды. Жобада 11 бағыт бойынша қоғамдық пайдалы қызметті көтермелеу көзделген болатын. Колледжіміздің еріктілері Аман Қуанышов, Мирас Сейтқұл «Аула және спорт клубтарын» ұйымдастыру бағытында жұмыс атқарса, Алтын Мизамбаева, Эльвира Қабдыбек «Волонтерлермен республикалық және қалалық іс-шараларды өткізу кезінде жергілікті жастар ресурстық орталықтарының жұмысына қатысу» бағытында жұмыс атқарды.

Ал Алихан Төлегенов, Гүлназ Тәуекелова, Мадина Жұмағали, Нұрсұлтан Асхат, Сүндет Таңатқан «Жастар азаматтық бастамалар» бағыты бойынша жұмыстарын атқарған болатын. Еріктілеріміз аталған бағыттар бойынша өз сағаттарын толықтай өтеп шықты. Олар алдағы уақытта да асқан қызығушылықпен талмай жұмыс атқарып, еріктілікті дамыту мақсатында қоғамға зор үлестерін қосатындығын білдірді.

***Алданыш БАЙЖУМИНА,***
***Арқалық политехникалық колледжі «Жүрек жылуы» еріктілер тобының жетекшісі***



СЕРУЕН

# У+ Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**ЕРІКТІЛЕР СЛЕТІ ӨТТІ**

Үстіміздегі жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланғалы бері еріктілер қозғалысы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Аталған жылдың жабылу салтанатына орай Амангелдідегі Қ.Өбенов атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Bolmiz birge» еріктілер слеті болып өтті.

12 бет



**ПРОГРАММА ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНИНА**

Ребёнка воспитывает та деятельность, которая доставляет ему радость, оказывает положительное нравственное влияние. Необходима последовательность, система в формировании гражданской позиции. Такую систему мы создали через реализацию авторской программы «Асыл мұра».

стр. 13


Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №43 (439) | ПЯТНИЦА 30 октября 2020


КӨЗҚАРАС

# Жанымның қалауы болған білім ордасы

***Құлпынай АРЫСТАНОВА, Арқалық политехникалық колледжі МСМ-11 тобының білім алушысы:***

– Биыл Арқалық политехникалық колледжіне «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша оқуға түстім. Аталмыш білім ордасының шәкірт тәрбиелеу ісіне жауапкершілікпен қарайтыны көңілімізге қуаныш ұялатады. Енді ғана колледж табалдырығын аттасам да, онлайн режимде болса да топ жетекшіміз бізге тәрбие сағаттарын өткізіп, келешегіміз үшін алаңдаушылық танытып отырады.

Өмірде ең бастысы қандай мамандық иесі болсаң да, Отаның үшін пайдалы іс жасауың керек деп ойлаймын. Қалаларда сәнді ғимараттардың көрік беріп тұруының өзі керемет жағдай. Келешекте өзім тұратын Арқалық қаласының көркеюіне үлесімді қоссам деймін. Ата-анам адам баласының өміріндегі ең қызықты кезең – студенттік шақ екенін айтады. Қазіргі жағдайға байланысты колледжімізге күнделікті бара алмасақ та, оның озық үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылғанын әрі білім беру ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтынынан хабардармын. Естуімше, колледжімді тәмәмдаған шәкірттер бұл күнде танымал компания қызметкерлері.

Қаламыздағы іргелі кәсіпорын – Алюминий құрылыс компаниясының басшысы Абай Қоспанұлы қаламыздың көркеюіне зор үлесін қосуда. Ол кісі колледжімізбен тығыз қарым-қатынас орнатып, колледж шәкірттерін жұмыспен қамтуға да ат салысып отырады. Менің осы мамандықты таңдауыма себепші болған да осындай үлгі боларлық кісілер. Еліміздің экономикасының дамуына зор үлесін қосып келе жатқан кәсіптік білім беретін оқу орындарының қатарында біздің колледжіміздің де бар екеніне сенімдімін. Менің колледжім – жүрегімнің қалауы.

***Ерасыл ТЕМЕШОВ, Арқалық политехникалық колледжі ЭМ-22 тобының білім алушысы:***

– Арқалық политехникалық колледжі – Қостанай өңірінің техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жетекші оқу орындарының бірі. Мұнда біз кәсіби дағдылар мен болашақ мамандығымыз үшін жаңа білім ала аламыз. Колледжде өзіміздің қабілеттерімізді дамытуға және басқалармен араласа отырып, жаңа нәрселерді, жақсы дағдыларды игеруге барлық жағдай жасалған.

Аталмыш колледжде түрлі саладағы мамандықтар бар. Тоқталып өтер болсам: «Шаштараз өнері және сәндік косметика», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Электр және электрмеханикалық жабдықтар» (түрлері бойынша), «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша), «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», Фермер шаруашылығы (бейін бойынша).

Арқалық политехникалық колледжінде оқуға түскен студенттердің еш өкінбейтініне кәміл сенімдімін. Сондықтан ойланбастан біздің колледжге оқуға түсуге кеңес беремін.

Біздің колледжді таңдаудың нақты бес себебіне тоқталсам:

*Бірінші себеп* – білім сапасы.

*Екінші себеп* – қолжетімділік.

*Үшінші себеп* – студенттерге қамқорлық.

*Төртінші себеп* – қызықты сәттерге толы студенттік өмір.

*Бесінші себеп* – болашаққа деген сенімділік.

У+
# Учительская плюс
Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета
www.uchitelskaya.kz



АҚСАЙ АУЫЛЫНДА СПОРТЗАЛ АШЫЛДЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жерге туыңды тік» тақырыбында Амангелді ауданына қарасты Ақсай ауылында күрделі жөндеуден өткен мектеп спорт залының ашылу салтанаты өтті.

12 бет



ЖИВЁМ МЕЧТАМИ И ИХ ОСУЩЕСТВЛЕНИЕМ

С 1 сентября продолжила свою работу хореографическая школа «Карнавал» г. Костаная. И не просто продолжила, а ведёт активную творческую деятельность, генератором которой, конечно же, выступает руководитель школы и ансамбля «Карнавал» Шамиль Фахрутдинов.

стр. 13

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №45 (441) | ПЯТНИЦА 13 ноября 2020



## С сердечным теплом

**В Аркалыкском политехническом колледже в этом году особенно активно развернулась волонтёрская деятельность.**

*Салтанат АХМЕТОВА, замдиректора по ВР АркПТК*

В колледже функционирует волонтёрский отряд «Жүрек жылуы» под началом руководителя комитета по делам молодёжи Алданыш Байжуминой. Отряд из 215 студентов принимает активное участие в различных форумах, проектах, благотворительных акциях. К примеру, наши волонтёры приняли участие в проекте «Социальный студенческий кредит», целью которого является повышение социального статуса студентов.

В 2019 году между министерствами образования и науки, а также информации и общественного развития был заключён меморандум о сотрудничестве в рамках реализации проекта «Социальный студенческий кредит», который интегрирован в единую веб-платформу волонтёрского движения «Казволонтёр.КЗ», направленного на широкое вовлечение студентов в общественно-полезную деятельность. Студентам предоставляется возможность получить единовременную денежную выплату в размере 20000 тенге за 20 часов деятельности по одному из 11 направлений (инклюзивное образование, репетиторство (языки, компьютерная грамотность), работа с несовершеннолетними детьми девиантного поведения, организация дворовых и спортивных клубов, социальная работа с детьми, престарелыми и инвалидами, работа в сфере защиты окружающей среды и экологической безопасности и т.д.), а также 50000 тенге за 50 часов деятельности по одному из вышеуказанных направлений.

На наш колледж было выделено 11 квот. В процессе реализации данного проекта мы тесно сотрудничали с Молодёжным ресурсным центром города Аркалыка, который предоставлял студентам площадки для реализации проекта по тому или иному напр[illegible]лению. На данный мом[illegible] семь студентов отработали 20 часов, три студента – 50 часов, подготовили отчётную документацию, которая направляется в министерство информации и общественного развития для дальнейшей доработки и получения студентами единовременной выплаты в зависимости от отработанных часов.



# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**ЕРІКТІЛЕР СЛЕТІ ӨТТІ**

Үстіміздегі жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланғалы бері еріктілер қозғалысы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Атаулы жылдың жабылу салтанатына орай Амангелдідегі Қ.Обенов атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Barimiz birge» еріктілер слеті болып өтті

12 бет



**ПРОГРАММА ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНИНА**

Ребенка воспитывает та деятельность, которая доставляет ему радость, оказывает положительное нравственное влияние. Необходима последовательность, система в формировании гражданской позиции. Такую систему мы создали через реализацию авторской программы «Асыл мұра»

стр. 13

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №43 (439) | ПЯТНИЦА 30 октября 2020

# Студенттердің дамуына мүмкіндік

**Арқалық политехникалық колледжі жұмысшы және орта буын мамандарын даярлауда студенттерге сапалы біліммен қатар салауатты өмір салтына бейімделген, жаны мен тән сау, мәдениетті ұрпақ дайындауды заман талабы деп біледі.**



*Мақпал МҰРАТОВА,*
*Арқалық политехниклық колледжі «Техникалық қызмет көрсету» бөлімінің меңгерушісі*

Бұл мақсатта колледж еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, оңтайлы әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге бейімделуге қабілетті кәсіби маман дайындауға ерекше мән беріп отыр. Білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген пікірлер жиі айтылып, өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтер мен психолог мамандардың еңбектерінде көрініс табуда. Бүгінгі студент болашақта кәсіби құзыретті маман атанып, ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел шешім қабылдаушы, ұйымдастырушылық қабілеті бар, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы қазіргі уақыттың басты қажеттілігі саналады.

«Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен «кәсібилік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» түсініктерін біріктіреді. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын тұлғаны атауға болады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына ықпал етеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында колледжімізде нақты қадамдар жасалуда: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы кәсіптік білім беру орталығының ұйымдастыруымен колледж оқытушылары біліктіліктерін арттыру курстарынан өтіп, студенттердің бойында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытында арнайы пәндерді оқытуда CLIL технологиясының элементтерін енгізуде. Бұның бәрі болашақ кәсіби маманның – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу жолында күтілетін нәтижелер.

Колледж әкімшілігінің қолдауымен үйірме жұмыстары ұйымдастырылып, білім алушылар өңірлік WorldSkills байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Колледжішілік «Мамандығым – мақтанышым!», «Еңбек адамы», «Үздік маман» кәсіптік шеберлік сайыстары, т. б. өткізілуде. Мұндай шараларды ұйымдастыру студенттердің өзін-өзі жетілдіруі мен дамуына мүмкіндік жасайды.

Жиенбаева С.

www.uchitelskaya.kz

# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета



**ЕРІКТІЛЕР СЛЕТІ ӨТТІ**

Үстіміздегі жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланғалы бері еріктілер қозғалысы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Атаулы жылдың жабылу салтанатына орай Амангелдідегі Қ.Өбенов атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Bәrimiz birge» еріктілер слеті болып өтті.

12 бет



**ПРОГРАММА ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНИНА**

Ребенка воспитывает та деятельность, которая доставляет ему радость, оказывает положительное нравственное влияние. Необходима последовательность, система в формировании гражданской позиции. Такую систему мы создали через реализацию авторской программы «Асыл мұра».

стр. 13

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №43 (439) | ПЯТНИЦА 30 октября 2020

ЗЕРДЕ

# Теориялық білім мен тәжірибе ұштасқан

**Еліміз техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына, аталмыш мекемелерде оқытылатын мамандықтардың алуан түрлілігіне аса көңіл аударып отыр. Бүгінгі білім беру жүйесінің алдында біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті маман даярлау мәселесі жүктеліп отыр.**



*Самал ЖИЕНБАЕВА, Арқалық политехникалық колледжі директордың оқу әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары*

Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі. Өркениетті елдер

теген өркениетті елдер даму стратегиясын айқындап, жүйелеу кезінде білімнің сапасын бірінші орынға қояды. Әлемде жоғары білім – жалпы білім, ғылым және мәдениеттің тоғысқан жері. Сондай-ақ жоғары білім – кәсіби машықтану алаңы. Бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріп отырады, ол қанша күрделенсе де, әрқашан жаңа мүмкіндіктер ашумен болады. Жаһандану, өңірлік ықпалдастық, студенттердің ұтқырлығы дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапаның болуын талап етеді.

Білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың негізгісі – әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Бүгінде білім сапасы үлкен мәселе. Ол – оқытушылар жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиадалардан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. А.Байтұрсынұлы: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші – керек құралдар, құралсыз іс істелмейді», – деген екен. Бұл сөздер өткен ғасырдың басында айтылғанымен, қанша уақыт өтсе де білім саласында бағыт-бағдар болып тұр.

Мұхтар Әуезов: «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы», – дегендей, әрбір ұстаздың мақсаты –

ШАМШЫРАҚ

секелестік білім деңгейімен айқындалмақ, сондықтан да ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатыны шындық. Махмұд Қашқаридың өзі: «Құттылықтың негізі – білім», – деген. Яғни кез келген бәсекеге қабілетті, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін ең қажеттісі – білім.

Білім жүйесіндегі елеулі буын – техникалық және кәсіптік білім беру саласы. Кәсіби білім беру оқу орындары жұмысы нәтижелілігінің басты өлшемі – түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби дағдысының болуы. Бәсекеге қабілетті маманды тәжірибелік-өндірістік оқыту барысында үздіксіз кәсіби ізденіс үстіндегі білікті оқытушылар дайындайды. Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында оқытушының шығармашылық ізденісі, мамандығына деген сүйіспеншілігі және мамандарды даярлаудың сапасы білім беру ісімен ғылымды тығыз ұштастыру негізінде арттырылуы тиіс. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған әдістәсілдердің бәрін еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай тиімдісін таңдап алу, шығармашылықпен қолдана білу – кәсіби шеберлікті арттырады.

Бүгінгі орта буынды мамандарды дайындауға көңіл бөлу – ертеңгі күнгі экономика дамуының сенімді іргетасы. Себебі қазіргі студент – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды іске асыратын болашақ маман. Көп-

КӨЗҚАРАС

деңгейі жоғары, сапалы білім беру арқылы Қазақстанның болашағына сай келетін ұрпақты тәрбиелеу. Яғни бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім берудің жаңа мазмұнын, оқытудың басым бағыттарын нысанаға ала отырып, барынша дамыған, алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына қосылуды және әлемдік білім беру кеңістігіне енуді жүзеге асыру қажет. Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті – білімде болса, білімнің көзі – оқу орындарында. Ал келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау, заман талабына лайықты маманның қызмет етуі қоғамның дамуын алға бастайды.

Адам баласына шын мәнінде білімді болу үшін үш қасиет: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет. Әрбір тұлғаның өн бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда үлкен септігін тигізері хақ. Арқалық политехникалық колледжі жеке тұлғаны әлеуметтік-экономикалық бағытта дамыту үшін, еңбек нарығының сұранысына сәйкес тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік мамандарды дайындау бағытында жұмыс істеп келеді. Біздің оқу орнының негізгі мақсаты – теориялық білім мен тәжірибені ұштастырып, болашақта кәсіби құзыретті маман дайындау. Колледж түлектері бұл күндері облыстың түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша абыройлы еңбек етуде.

Жиенбаева С


# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**АХАН АТЫНДАҒЫ ШАҢЫРАҚТЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙМЕК**

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті облыстың индустриялық аймағы мен машина жасау саласы үшін маман даярлау базасына айналмақ. Бұл Білім және ғылым вице-министрі Мирас ДӘУЛЕНОВ қол қойған Меморандум нәтижесінде мүмкін болды.

5 бет



**МОЛОДЫЕ МАСТЕРА ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ**

С 28 сентября по 2 октября в Костанайской области в шестой раз проходит региональный чемпионат WorldSkills Kostanay. Состязания молодых профи развернулись на базе десяти колледжей и одного вуза по 32 компетенциям

стр. 13

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №39 (435) | ПЯТНИЦА 2 октября 2020

## ЖОБА

# «Цифрлы Қазақстанға» бір қадам

**Үстіміздегі жылдың сәуір айында Арқалық политехникалық колледжінің «Art Team-АРК» жастар ісі жөніндегі комитет белсенділерінің идеясымен «Біз біргеміз» жобасы құрылған-тын.**

Аталмыш жоба Қостанай облысы әкімдігінің Ішкі саясаты тапсырысымен өткен Қостанай облысы оңтүстік өңірінің ҮЕҰ-ның қатысуымен өткен жергілікті әлеуметтік маңызы бар идеялар жәрмеңкесінде қолдау тауып, 150 мың теңге көлемінде қаржыландыруға ие болды. Жобаның мақсаты – ата-анасыны қамқорлығынан айырылған балаларға компьютерлік графика үйрету арқылы қосымша табыс көзі болатындай құзыреттілікке баулу. Арқалық политехникалық колледжі әкімшілігінің қолдауымен арнайы бес ноутбукпен жабдықталған оқу аудиториясы берілді.

Жоспарға сәйкес бұл жоба қыркүйек айында жұмысын бастады. Оның аясында, карантиндік шектеулерге байланысты 5 адамнан тұратын үш шағын топ құрылып, жалпы есеппен 15 ата-анасының қамқорлығынан айырылған білім алушыға компьютерлік бағдарламадан білім берілуде. Жұмыс нәтижесінде қатысушыларға арнайы сертификат табысталатын болады. Бұл істі жүзеге асыру арқылы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына да үлес қосатынымыз анық.


***А.Байжұмина,***
***Арқалық политехникалық колледжінің***
***Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы***


